



Haileybury Astana



Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік

Қыркүйек, 2023

Мазмұны беті



Экологиялық корпоративті жауапкершілік	4.
Этикалық/адам құқықтары жөніндегі әлеуметтік жауапкершілік	7.
Қайырымдылық мақсаттағы корпоративтік жауапкершілік	9.
Әл-ауқат пен салауаттылыққа қатысты корпоративтік жауапкершілік	12.



Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) - этикаға, тұрақтылыққа және әлеуметтік әсер етуге қатысты нақты мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бизнес-бастама. Аталған іс-шара талапқа сай жүзеге асырылған кезде, сіздің бизнесіңізді өзгелердің қабылдауын және оған деген көзқарасын жақсартып алады, бұл өз кезегінде сіздің компанияңыздың кең миссиясын бүкіл әлемге жеткізуге септігін тигізеді.

Дүние жүзіне әйгілі Халықаралық бакалавриат әлем мектебі бола отырып, Haileybury Astana мектебі Қазақстанның жергілікті қоғамдастығы алдында қандай жауапкершілікке ие екенін жақсы түсінеді. Мектептің басты басымдықтарының бірі - мүдделі тараптар мен қызметкерлерді маңызды болып табылатын істерге үлес қосуға ынталандыру.

Осы оқу жылындағы стратегиялық мақсаттарды іске асыру Haileybury Astana мектебі ұстанатын пайымды қалыптастырды. Ертеңгі күннің болашақ көшбасшылары тек тәуекелге баруды қажет ететін, сонымен қатар өздерін қауіпсіз сезініп, шабыт сыйлай алатын ортада ғана қалыптаса алады. Сондықтан біз адалдықты жоғары бағалайтын және жанашырлық көрсете отырып, сенімді қызмет ету мүмкіндіктерін іздейтін қауымдастық құруға көмектесуді өз міндетімізге аламыз.

Осы мақсаттарды есепке алу Haileybury Astana мектебінің этика, тұрақтылық және әл-ауқатпен байланысты іс-шаралар мен науқандармен жұмыс істейтін төрт бағытын анықтауға көмектесті.

Экологиялық корпоративті жауапкершілік



Эко-мектеп

Haileybury Astana мектебі тұрақты даму мен экологиялық білім беру ісіне толығымен берілген білім ордасы, ал бұл өз кезегінде бүкіл мектеп пен оның қоғамдастығы тарапынан көптеген эко-жобалардың басталуына алып келді. Қол жеткізген көрнекті жетістіктеріміздің бірі - Junior Eco командасы мен маркетинг бөлімінің бірлесіп түсірген «[Пластик-бұл фантастика](#)» деп аталатын фильмін айтуға болады.

Бұл фильм COBIS Eco Film Awards сайысында жүлделі орынға ие болды. Қысқаметражды фильм балалардың тұрақты болашақ құруға деген ұмтылысын атап өтеді және материалдарды қайта өңдеу мен қайта пайдаланудың инновациялық тәсілдерін көрсетеді.

Ағаш отырғызу науқаны

2022 жыл экологиялық сананы насихаттауға және тұрақты дамудың маңыздылығын көрсетуге бағытталған көптеген іс-шаралармен ерекшеленді. Haileybury Astana мектебінің ата-аналар қауымдастығы ұйымдастырған [Рождестволық қайырымдылық акциясы](#) осы жылдың ерекше оқиғаларының бірі болды, кеш барысында 1 214 650 теңге жиналды.

Бұл бастама мектеп аумағына жүздеген ағаш отырғызуда шешуші рөл атқарды, нәтижесінде ауа сапасын жақсартуға, биоәртүрлілікті кеңейте түсуге және жаһандық жылынумен күресуге ықпал етті. Бұл компания туралы қосымша ақпарат алу үшін мына сілтеме арқылы өтуіңізді сұраймыз:

<https://www.haileybury.kz/en/astana/news/tree-planting-campaign>

Жер күні және Дүниежүзілік сулы-батпақты жерлер күні

Жер күні және Дүниежүзілік сулы-батпақты жерлер күні сияқты экологиялық науқандарды бүкіл мектепте өткізу оқушыларға климаттың өзгеруінің өзекті мәселесі туралы білім беру платформасы ретінде қызмет етеді. Мұндай бастамалар оқушылардың осындай іс-шараларды ұйымдастырудың және оларға қатысудың маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыруда маңызды рөл атқарады.

[Жер күні](#) мен [Дүниежүзілік сулы-батпақты жерлер күніне](#) арналған іс-шараларға белсенді қатыса отырып, шәкірттер экологиялық мәселелер туралы тереңірек түсінікке ие бола алады және біздің планетамыздың жауапты басқарушылары болуға ынталандырылады.

Экологиялық корпоративті жауапкершілік

Ауаның ластануына қарсы күрес жөніндегі жиналыс

Haileybury Astana мектебі ғылыми өндірістік бірлестігімен (ФӨБ) ынтымақтастыққа оң көзқараспен қарайды, сонымен қатар белсенді түрде тұрақты дамуға басымдық беретін компаниялармен әріптестік қатынастар орнату жолдарын қарастырады. Осы міндеттемеге сәйкес Airvision компаниясының өкілі Дарина Ахметова Астанадағы ауаның ластануы туралы сөз сөйледі. Бұл презентация орта мектеп оқушыларына қоршаған ортаның ластануымен байланысты орын алған жергілікті хал-ахуал туралы түсініктерін тереңдетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, оқушыларға тұрақты даму жәрмеңкесіне белсенді қатысу жайлы ұсыныс жасалды, бұл олардың нақты тәжірибелерге одан әрі белсенді атсалысуға ынталандырды.

Халықаралық бакалавриат бөлімі шәкірттерімен азық-түліктің жарамдылығы туралы әңгіме

Біз, Haileybury Astana мектебінде құрметті қонақтарды қабылдау құрметіне ие болдық, атап айтсақ, Ұлыбритания елшісі мәртебелі Кэти Лич ханым; Италия елшісі мәртебелі Марко Альберти; болашақ тамақтану институтының негізін қалаушысы және төрағасы Сара Роверси ханым, сонымен қатар Мысыр елінің елшісі мәртебелі Манал Әл-Сайед Яхья әл-Шиннау. Арнайы кездесуде бұл көрнекті тұлғалар біздің ХБ бөлімінің шәкірттерімен [азық-түлік жарамдылығы мен ауыл шаруашылығын қалпына келтірілудің маңыздылығы](#) тақырыбында пікірталас өткізді.

Әңгіме осы тәжірибелерді 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған БҰҰ-ның тұрақты даму күн тәртібінде баяндалған 17 тұрақты даму мақсатымен (ТДМ) сәйкестендіре отырып жүзеге асыруға бағытталды. Бұл ағартушылық мазмұндағы сұхбаттасу шәкірттердің тұрақты азық-түлік жүйелерінің маңыздылығы және олардың жаһандық тұрақты даму мақсаттарына әсер етуі туралы түсініктерін кеңейтуге бағытталды.

Сенбілік күні

Haileybury Astana Эко-мектебі қалалық әкімдік Әкімшілігімен серіктестікте Астана қаласының Президент саябағында [ҚОҚЫС ЖИНАУ КҮНІН](#) ұйымдастырды. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты Haileybury Astana қауымдастығы арасында экологиялық сана мен тазалықты насихаттауға бағытталған.

Бұл бастама біздің шәкірттерімізді маңызды экологиялық мәселелермен таныстыруға, оларға осы мәселелерді шешуге неғұрлым қолайлы және мүдделі көзқарастарын қалыптастыруға бағытталған. Қоқыс жинауға арналған екі сағаттың ішінде біздің оқушыларымыз қоршаған ортаны жақсартуға үлес қосып қана қоймай, жаңа нәрселерді танып-біле алды, ең бастысы, қатысушылар үшін көңілді уақыт өткізу шарасы болды! Осы іс-шараға қатысушылардың әрқайсысы эко-жауынгерлер ретінде танылған символдық ағаш медальға ие болды.

Тұрақты даму көрмесі

Сонымен қатар, мектеп шығармашылық өнер бөлімімен және бастауыш сынып мұғалімдерімен бірлесе отырып, [тұрақты даму көрмесін](#) ұйымдастырды. 19 сәуірде өткен көрмеде жаһандық жылыну, теңсіздік және ластану сияқты мәселелерге арналған интерактивті демонстрация ұсынылды. Орта мектеп оқушылары қызықты қойылым қойып шықты, ал төменгі сынып оқушылары түрлі тақырыптағы иллюстрациялар мен баннерлер жасады.

Тұрақты көліктің маңыздылығын мойындай отырып, IBS қаланың белгілі бір аудандарына қызмет көрсетіп, екі бағытта жүретін мектеп автобусы қызметін ұйымдастырудың пилоттық жобасын бастады. Бұл пилоттық бағдарламаны одан әрі кеңейту әлеуетін анықтау үшін оның қимыл-қозғалысы үнемі мұқият бақылауда болады. Алға қойған мақсатымыз - болашақта автобус бағыттарының санын көбейту, оқушыларды қауіпсіз және сенімді көлікпен қамтамасыз ету.

Экологиялық корпоративті жауапкершілік

Haileybury Astana FOBISIA SDG Art Competition өнер байқауында жеңіске жетті

Haileybury Astana мектебінің 7-сынып оқушысы FOBISIA (Азиядағы Британдық Халықаралық Мектептер Қоры) ұйымдастырған 2023 жылғы беделді халықаралық [модельдік өнер байқауының](#) жеңімпазы атанды.

Глорияның "ағаш үстіндегі мектеп" деп аталған жеңімпаз жұмысы жасыл технологиялар мен жаһандық тұрақтылық мақсаттарын көрсететін әсерлі туынды болды. Малайзияда өткен байқау өнер, дизайн және технологияның қызықты үйлесімі бола отырып, бүкіл Азия елдері мектептерінің қатысуын қамтамасыз етті. Байқау оқушыларға өздерінің көркемдік қабілеттерін көрсететін платформаны ұсынып қана қоймай, тұрақты тәжірибелер мен экологиялық тұрғыдан таза бастамаларды үйренуге, сонымен қатар оларды алға ілгерілетуге итермеледі.



«КНАММ» сурет көрмесі

Haileybury Astana мектебінің Халықаралық бакалавр бөлімінің оқушысы Найра өткен жылы мектепте «Есім» көркемсурет көрмесін ұйымдастырып, өткізуде шешуші рөл атқарды. Оның көрмеге қосқан үлесі жүннен тоқылған бұйымдар мен картиналардың қызықты қоспасын қамтыды, олардың барлығы адамзат пен табиғат арасындағы күрделі және жиі қиындық тудыратын байланыс жайлы болды.



Этикалық/адам құқықтары жөніндегі әлеуметтік жауапкершілік



ЮНЕСКО клубы

2021 жылы Хэйлибери Астанадағы Халықаралық Бакалавриат Дипломдық бағдарламасының студенттері [ЮНЕСКО клубын](#) құру туралы бастама көтерді. 2020 жылдың бізге әкелген қиындықтарын түсіне отырып, Алтыншы деңгей оқушылары бірігу уақыты келгенін түсінді және ауызбіршілік таныта отырып оқушылардың қандай жетістіктерге қол жеткізе алатынын зерттеудің қажеттілігін сезінді.

ЮНЕСКО клубы оқушыларға өз елінің мәдениеті туралы көбірек білуге және осы білімдерімен құрбыларымен бөлісуге мүмкіндік береді. Осы жоба аясында оқушылар бірлесе отырып, табиғатты аялауға және көмек пен қолдауға мұқтаж жандарға қамқорлық жасау іс-шараларына қатысу мүмкіндігіне ие болады.

Олар қайырымдылық, шығармашылық және танымдық іс-шараларға қатыса отырып, оқушылар қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіре алады, көшбасшылық қасиеттерінің жаңа қырларын ашып, қоғамға адал үлес қосуды үйренеді. ЮНЕСКО клубы шәкірттердің жеке тұлға ретінде өсіп-жетіліп, өз мектебіне және жалпы қоғамға оң әсер етуіне септігін тигізетін платформа ретінде қызмет етеді.

Адам құқықтары жөнінде өткізілген Ассамблея

IB World School халықаралық мектебі ретінде шәкірттердің, академиялық және әкімшілік

қызметкерлер арасында қоғамдастықтың маңыздылығын сезіндіру, сонымен қатар бір-біріне төзімділікпен қарап, құрметтей білуге шақыру өте маңызды. Оқу жылы бойы Hailbury Astana мектебі жоғары сынып оқушыларына адам құқықтары туралы және этикалық тақырыптар жөнінде хабардарлықтарын арттыру мақсатында осы мәселелерге арналған жиналыстар өткізетін болады.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты тоқтатуға арналған науқан

Халықаралық бейбітшілік күні және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты тоқтату сияқты маңызды мерекелерге арналған жиналыстар осы өзекті мәселелерге назар аудару үшін ұйымдастырылады. Соңғы науқанды қолдау үшін Халықаралық бакалавр бөлімінің шәкірттері әйелдер баспаналарына қаражат жинау мақсатында арнайы әзірленген жапсырмаларды сату арқылы белсенді қатысты. Науқан маңыздылығы аса жоғары мәлімдемемен аяқталды, шәкірттер әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты тоқтату үшін ұжымдық күш-жігерді білдіретін «ЖОҚ» деген сөзді білдіретін пішін түрінде жиналды. Бұл бастама хабардарлықты арттырып қана қоймайды, сонымен қатар мұқтаж әйелдерге баспана беру және көмек көрсету үшін жұмыс істейтін ұйымдарды да белсенді қолдайды.

Этикалық/адам құқықтары жөніндегі әлеуметтік жауапкершілік

Бірлік күні

2022 жылы Haileybury Astana мектебі [бірлік күнін](#) атап өтіп, бастауыш және жоғары сынып оқушылары бірге сап түзеп, қатар жүрген ұжымдық шеруге қатысты. Осы маңызды оқиға кезінде бүкіл мектеп қауымдастығы бірліктің түсін бейнелейтін ұлттық костюмдері мен қызғылт-сары киімдерін мақтанышпен киіп шықты.

[Бірлік күнін](#) атап өту Haileybury Astana мектебі үшін маңызды оқиға болды деп айта аламыз, өйткені бұл мектептің өз қауымдастығы арасында мәдени әртүрлілікті қабылдауға және атап өтуге бағытталған ауқымды іс-шараны бірінші рет ұйымдастыруы еді. Шерудің маңызды жалғасы ретінде мереке кезінде пайдаланылған қызғылт-сары қағаз жолақтары «Project Connect» тізбектері үшін пайдаланылды. Бұл жоба Haileybury Astana қауымдастығын біріктіруге және олардың әрқайсысын ерекше ететін

бірегей айырмашылықтарды атап өтуге бағытталған. Осы тізбектерді құра отырып, оқушылар мен қызметкерлер мектеп қоғамдастығындағы байланыстарды нығайта отырып, бірлікке деген адалдықтарын көрсетті.

ЮНИСЕФ-пен ынтымақтастық

Haileybury Astana мектебі [ЮНИСЕФ-пен](#) тұрақты әріптестік қарым-қатынасты қолдайды және осы ынтымақтастық аясында мектебіміз жыл сайын Халықаралық балаларды қорғау күнін атап өтеді. Бұл ерекше күн балалардың құқықтары мен жастардың әл-ауқатының маңыздылығын көрсететін платформа ретінде қызмет етеді. Түрлі іс-шаралар арқылы [Haileybury Astana](#) мектебі балалар үшін мейірімге толы және қолдау көрсетуге даяр ортаны қамтамасыз етудің, олардың құқықтарын көтермелеудің және оқушылардың жалпы әл-ауқатын насихаттаудың маңыздылығын атап көрсетеді.



Қайырымдылық мақсаттағы корпоративтік жауапкершілік



Астанада жергілікті қоғамдастықпен берік байланыстарды дамыту Haileybury Astana мектебінің негізгі стратегиялық мақсаты болып табылады. Соңғы бірнеше жылда мектеп әртүрлі жобалар аясында көптеген ұйымдармен жемісті ынтымақтастық орнату бақытына ие болды. Бұл әріптестік қатынастар Haileybury Astana мектебіне қоғамдастыққа белсенді үлес қосуға және бірлескен бастамалар арқылы оң әсер етуге мүмкіндік берді. Жергілікті ұйымдармен бірлесіп жұмыс істей отырып, мектебіміз бірлік сезімін нығайта алды, қоғамдастықтың қажеттіліктерін қанағаттандырды және ынтымақтастық пен өсудің маңызды мүмкіндіктерін жасады.

Рождестволық қайырымдылық базар

Haileybury Astana мектебі [Рождестволық қайырымдылық базарына](#) - біздің жергілікті қоғамдастық үшін зор маңызы бар іс-шараға белсенді қатыса алғандығын мақтан тұтады. Мектебіміз 4 желтоқсанда Елшілердің ерлі-зайыптылар қауымдастығы ұйымдастырған жыл сайын Radisson қонақ үйінде өтетін базарға құлшыныспен қосылды. Біздің осы іс-шараға

қатысуымыз өз қоғамдастығымызға Астанада бар мәдениеттердің алуан түрлілігін атап өтуге тамаша мүмкіндік берді.

Біздің аталған іс-шараға атсалысуымыздың арқасында Haileybury Astana мектебі 400 000 теңгеден астам қаражат жинай алды, бұл біздің қоғамдастықтың жомарттығы мен қолдауының нақты айғағы. Іс-шарадан түскен қаражат біздің тұрақты даму науқандарымыздың біріне бағытталады, яғни біздің тұрақты дамуды ілгерілету және оң нәтиже беру жөніндегі ағымдағы күш-жігерімізге қосымша үлес қосады. Рождестволық қайырымдылық базарына белсенді қатыса отырып, Haileybury Astana мектебі өзінің әлеуметтік жауапкершілікке бейілді екендігін көрсетіп қана қоймай, басқа адамдардың өміріне жағымды өзгерістер енгізуді жалғастырады.

Қайырымдылық мақсаттағы корпоративтік жауапкершілік

Haileybury күні – «Тең мүмкіндіктер әлемі» қорымен ынтымақтастық

2022 жылы Haileybury Astana мектебі Қазақстанда ерекше қажеттіліктері бар балалар арасында спортты насихаттаумен және дамытумен айналысатын «[Тең мүмкіндіктер әлемі](#)» қорымен ынтымақтастықты қайта жандандырды. Қор өкілі Нұргүл Үлжекованың жетекшілігімен сәтті өткізілген Ассамблеядан кейін Haileybury Astana мектебі өз оқушыларын ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған бейімделген спорттық ойындарға қатысуға шақырды. Нәтижесінде мектеп ұйымға қаражат жинау үшін «[Haileybury күні](#)» қайырымдылық акциясының басталғанын жариялады.

Haileybury қауымдастығы осы игі іс үшін бірігу мүмкіндігін жіберіп алмай, ата-аналарға да, балаларға да қуаныш пен таңданыс әкелетін керемет іс-шара ұйымдастырды. Қауымдастықтың ұжымдық күш-жігерінің арқасында «Тең мүмкіндіктер әлемі» [қоры үшін қомақты 2500 фунт стерлинг](#) (шамамен 1 300 000 теңгеге тең) жиналды.

Қаражат жинау іс-шарасына қосымша, Haileybury Astana мектебі ұйымның жас мүшелеріне өз нысандарына кіруге мүмкіндік береді. Бұл оларға әртүрлі спорттық іс-шараларға, соның ішінде жүзу турнирлеріне және басқа да іс-шараларға қатысуға мүмкіндік береді. Осы мүмкіндіктерді ұсына отырып, Haileybury Astana мектебі ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін дене жаттығуларына қатысудың көптеген артықшылықтарын көрсете отырып, мектеп қоғамдастығындағы инклюзивтілік пен қолдау көрсетуге ұмтылуға ықпал етеді.

Жануарларға арналған баспана

«Біркелкі емес күндер» кезінде Haileybury Astana мектебі өз оқушылары үшін бірқатар бастамалар мен іс-шаралар ұйымдастырады. 2022 жылдың желтоқсанында мектеп «[Haileybury тілектерді орындайды](#)» науқанын бастады, оған бастауыш сынып оқушылары да, жоғары мектеп шәкірттері де белсене атсалысты. Науқан жергілікті жануарларға арналған баспаналарға, атап айтқанда, «Аулауды тоқтату» және «Ника» үйлеріне қаражат жинауға бағытталған.

Олардың ұжымдық күш-жігерінің арқасында Haileybury қауымдастығы жануарларға арналған баспаналарды жаңа үйшіктермен қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаражат жинай алды. Бұл жиналған қаржы баспана мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді, сонымен қатар онда тұратын жануарлардың әл-ауқаты мен жайлылығын жақсартады.

«Haileybury тілектерді орындайды» науқаны мектептің жергілікті қоғамдастықтарға жағымды әсер етуге деген ұмтылысының мысалы болып табылады, сонымен қатар өз оқушыларының жанашырлығы мен мейірімділігіне баса назар аударады. Жергілікті жануарларға арналған баспаналарды қолдай отырып, Haileybury Astana мектебі өз тәрбиеленушілерінде әлеуметтік жауапкершілік сезімін тәрбиелей отырып, жануарларға деген мейірімділік пен жауапкершілікті насихаттайды.



Қайырымдылық мақсаттағы корпоративтік жауапкершілік



SOS ауылы

Астана қоғамдастығымен берік байланыстарды дамытып отыру Haileybury Astana мектебінің стратегиялық мақсаты болып қала береді. Соңғы бірнеше жылда мектеп көптеген жобалар арқылы әртүрлі ұйымдармен ынтымақтастық жасау бақытына ие болды, бұл оның жергілікті қауымдастықпен байланысын одан әрі нығайтты.

1 желтоқсанда Haileybury Astana өзінің мектебі «Haileybury тілектерін орындайды» атты дәстүрлі рождестволық қайырымдылық науқанын қайта бастағанын мақтанышпен жариялады. Биылғы науқан Астанадағы [SOS Children 's Villages балалар үйін](#) қолдауға бағытталды.

Науқан шеңберіндегі жиналған барлық сыйлықтардың қажетті мекенжай орындарына сай жеткізілгенін қуана хабарлаймыз. Haileybury қауымдастығының тұрақты қолдауы мен жомарттығы науқанның сәтті өтуінде маңызды рөл атқарды. Балалардың жүздеріндегі қуаныш пен бақытты көру шынымен баға жетпес нәрсе және біз Haileybury қауымдастығына олардың тілектерін орындауға атсалысқандары үшін ризашылығымызды білдіруге сөз таба алмаспыз.

«Haileybury тілектерді орындайды» науқаны мектептің әлеуметтік жауапкершілік пен қамқор және қолдаушы қоғамдастық құруға деген ұмтылысының жарқын мысалы болып табылады. SOS Children 's Villages балалар үйін белсенді қолдай отырып, Haileybury Astana мектебі өз оқушылары мен қызметкерлері арасында жанашырлық пен мейірімділік құндылықтарын нығайта отырып, мұқтаж жандардың өміріне елеулі өзгерістер енгізуді жалғастыра береді.

Әл-ауқат пен салауаттылыққа қатысты корпоративтік жауапкершілік



Психикалық денсаулық туралы хабардарлықты арттыру апталығы науқаны

Өзін-өзі күту науқаны

2022 жылдың қазан айында Haileybury Astana мектебі психикалық денсаулық туралы хабардар болу апталығын ұйымдастырды - өзіне күтім жасаудың маңыздылығын атап өтуге бағытталған арнайы бастама. Өзін-өзі күту жалпы әл-ауқатқа ықпал ететін және физикалық, сонымен қатар психикалық денсаулықты нығайтатын іс-шараларға қатысу деген ұғымды білдіреді. Психикалық денсаулыққа келетін болсақ, өзін-өзі күту тәжірибесіне күйзелісті тиімді басқара алу, ауру қаупін азайтып, алдын-алу және энергия деңгейін жоғарылату жатады

Оқушылардың психикалық әл-ауқатын одан әрі қолдау үшін өткен оқу жылында Haileybury Astana мектебі «бірін-бірі тыңдау» жобасын енгізген болатын. Бұл бастама шәкірттерге өз құрдастарынан қолдау мен кеңес алуға арналған тиімді платформа ұсынады. Жоғары сынып оқушылары «теңбе-тең» сабақтарын өткізуге белсенді қатысады, онда бастауыш сынып оқушыларына өздерінен үлкен оқушылардан көмек пен нұсқаулық сұрау ұсынысы айтылды.

Психикалық денсаулық туралы хабардар болу апталығын және «Теңбе-тең» жобасы сияқты бастамаларды іске асыра отырып, Haileybury Astana мектебі өз оқушыларының арасында психикалық саулықты нығайтуға мейлінше бейілді екендігін көрсетеді. Бұл бастамалар оқушылар бір-бірінен көмек сұрап, бейімделе алатын қолайлы ортаны құруға ықпал етеді, сондай-ақ сайып келгенде сау, өміршең мектеп қауымдастығын қалыптастыруға ықпал етеді.

«Жасыл киіңіз» науқаны

Haileybury Astana мектебіндегі «[Wear it Green Campaign](#)» жобасы психикалық денсаулық туралы хабардарлықты арттыруға және онымен жиі байланысты стигматизациямен күресуге бағытталған маңызды бастама болды. Оқушылар да, мұғалімдер де психикалық әл-ауқатқа үнемі ұмтылып жүретіндігін білдіру мақсатында жасыл киім киіп, психикалық денсаулық туралы хабардарлықты арттыру науқанына қатысуға шақырылды.

Жоба адамдарға оқу жылы бойы мектеп қауымдастығында қолжетімді қолдау туралы хабардар болатын қолайлы ортаны құрудың маңыздылығын атап өтті. Науқанға қатысу ерікті болғанымен, Haileybury Astana мектебі көптеген оқушылар мен мұғалімдердің оған белсенді қатысып, психикалық денсаулықты нығайтуға оң көзқараспен қарайтындарына, өз міндеттемелеріне жауапкершілік танытқандарына қуанышты болды.

"Жасыл киіңіз" науқанына қатыса отырып, Haileybury Astana мектебі психикалық денсаулыққа қатысты ашық пікірталастар мен қабылдаудың маңыздылығын атап өтті — жоба адамдардың қолдау мен түсіністік іздей отырып, өздерін жайлы сезінетін инклюзивті атмосфераны құруға бағытталған. Осындай бастамаларға белсенді қатыса отырып, Haileybury Astana мектебі психикалық әл-ауқатқа басымдық беруді және өз қоғамдастығында жанашырлық пен қолдау мәдениетін ілгерілетуді жалғастыру үстінде.

Әл-ауқат пен салауаттылыққа қатысты корпоративтік жауапкершілік



Күш көрсету, қорқытуға қарсы апталық науқаны

2022 жылдың қарашасында 14-18 қараша аралығында күш көрсету, [қорқытуға қарсы күрес апталығы](#) өтті. Апталық тақырыбы «қол ұшын бер» деген атау болды. Негізгі мақсат – бұзақы, тәртіпсіздік әрекеттерден туындаған реніш пен зиянға кестікке қарсы тұру үшін басқаларға жүгіне алатынымызды көрсету.

Оқушыларға қорлауды тоқтатуға деген ниетімізден баршаның хабардар болуы үшін мектепке көк киім киіп келу ұсынысы жасалды. Мұғалімдер өз сабақтарында аптаның тақырыбымен өзара бірлесе отырып әрекет етті, ал шәкірттерге «2022 жылғы күш көрсету, қорқытуға қарсы күрес апталығы» байқауына қатысуға және олар үшін қарым-қатынас нені білдіретінін көрсету үшін жұмыс жасауға жұмылдырылды.

Бұл апта қорқытуға қарсы науқанды қолдайтын іс-шараларға толы болды. Біздің мектепте қорлауға орын жоқ. Біз оқушыларымыздың психикалық денсаулығы мен әл-ауқатын сақтауға тырысамыз, осылайша олар өздерінің әлеуетін толық іске асыра алады, табысты бола алады және оқуды да өз ниетімен оқып-үйренетін болады.

Аптаның ажырамас бөлігі ретінде біз бүкіл мектеп қауымдастығы үшін [ерекше шұлықтар мен ақылсыз шаштар](#) шеруін өткіздік. Бұл күннің басты хабары біз бәріміз бірдей, тең болатындығымызға қарамастан, әртүрлі бола алатынымызды көрсету болды.

Сол күні оқушылар мектепте «Күш көрсету, қорқытуға қарсы күрес апталығы» науқанына қатысты ұрандармен, өздері жасаған кірпіштермен жүрді. Жиналған барлық кірпіштер қабырға түрінде өрілді, бұл біздің күш көрсету, қорқытуға қарсы күрестегі бірлігімізді білдіреді.

Tootoot қосымшасын іске қосу

Haileybury Astana мектебінде әрбір баланың қауіпсіздігі мен әл-ауқаты жоғары басымдық болып табылады. Оқушылардың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі тұрақты миссиямыздың бір бөлігі ретінде мектеп [Tootoot қосымшасын](#) іске қосуды ұсынады.

Toot toot - бұл оқушылар қорқытудан бастап психикалық денсаулық мәселелеріне дейін кез келген нәрсені толығымен құпия түрде жеткізе алатын жаһандық қосымша.

Әл-ауқат пен салауаттылыққа қатысты корпоративтік жауапкершілік

Сыныптастар тарапынан оқыту

[Peer Education Project](#) (PEP) - бұл барлық британдық және халықаралық Британдық мектептер үшін қол жетімді орта мектептің психикалық денсаулық қорғау бағдарламасы. Қазақстанда Haileybury Astana мектебі білім беру жүйесіне жобаны енгізген алғашқы мектеп болып табылады.

Haileybury Astana мектебінде біз жобаны өткен жылы, 2022 жылдың қараша айынан бастап іске қостық, содан бері біз мұғалімдерді сыныптастарын оқыту бойынша сабақтар өткізуге үйретіп келеміз. Жоба аясында жоғары сынып оқушылары жеке сабақтар өткізді, онда басқа оқушылар қажет болған жағдайда қолдауға еркін жүгіне алды.

10 және 12 сынып оқушылары өз еркімен сыныптастарына тәлімгер болуға қызығушылық танытты. Олар шағын топтарда білім ала отырып, қазір репетиторлық сабақтар кезінде 7-ші және 8-ші сыныптардағы құрдастарына психикалық денсаулыққа қатысты туындайтын мәселелер бойынша бес сабақтан өткізеді.

Киім арқылы өзінді көрсету күні

Осы оқу жылының психикалық денсаулыққа арналған соңғы аптасында біз мазасыздық және онымен күресу механизмдері сияқты мәселелерді шешуге бағытталған бірқатар іс-шаралар өткіздік. Бұл іс-шаралар барысында біздің бастауыш мектеп оқушылары биге қатысу мүмкіндігіне ие болса, орта мектеп оқушылары үшін түскі уақытта арт-терапия өткізіп, караокемен ән салды.

«[Киім арқылы өзінді көрсету күні](#)» мерекесі біздің оқушыларымыздың жеке басын киім арқылы көрсетулеріне керемет мүмкіндік береді. Бұл осы 2022-2023 оқу жылындағы психикалық денсаулық мәселелерінен хабардар болуға арналған соңғы апта болды.

FOBISIA мүшелігі

2023 жылы 20 маусымда Haileybury Astana мектебі ресми түрде [Азиядағы Британдық халықаралық мектептер федерациясының \(FOBISIA\)](#) мүшелігіне өтті.

23-24 мамыр аралығында мектебіміз егжей-тегжейлі аккредиттеу процесін жүргізген FOBISIA өкілдерін қабылдады. Сапар барысында қонақтарымыз стратегиялық жоспарларымызбен, жабдықтарымызбен және академиялық жетістіктерімізбен танысып шықты. Біздің мектебіміздің керемет пікірлер алғанын қуана хабарлаймыз, бұл бізді федерацияға сәтті кірген Қазақстандағы екінші мектепке айналдырады.

FOBISIA құрамына ене отырып, Haileybury Astana мектебі бүкіл Азия бойынша өзге 94 мүше мектептермен желілер және ынтымақтастық құру мүмкіндігіне ие болады. Бұл бізге идеялармен алмасу, қорларды бөлісу, инновациялық әдістемелерді енгізу және серіктестіктерді нығайту платформасын ұсынады. Біз бұл ынтымақтастық шәкірттеріміз бен оқытушыларымызға үлкен пайда әкеле отырып, олардың көкжиегін кеңейтеді, сонымен қатар шабыттандыратын білім беру ортасының дамуына үлес қосады деп сенеміз.





Haileybury Astana

haileybury.kz

 Haileybury Astana

 HaileyburyAstana

 hbastana

 haileyburyastana

 HaileyburyAstanaOfficial

*Болашақ
көшбасшыларды
дамыту*

*Haileybury Astana білім берудің
барлық аспектілерінде
қауіпсіздікті қамтамасыз етуге
бар күш-жігерін жұмсайды.*

